

«Бекітемін»
«Ертөстік» бөбек жай-
бала бақшасының
КМҚК менгерушісінің
міндетін атқарушы
А.М.Чалқарбаева
«31» 2022 ж



**«Ер Төстік» бөбек жай-бала бақшасының
2022-2023 оқу жылындағы психологтың жылдық жоспары**

Психолог қызметінің мақсаты:

-Мектепке дейінгі баланың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына психологиялық жағдай туғызу.

-Әр баланың психикалық және жеке тұлғалық дамуына ықпал ету.

Психологтың өзекті мәселесі:

-Дені сау, рухы таза, тілі жетік, болашақ ұрпақ тәрбиелеу.

-Мектеп жасына дейінгі баланы психологиялық ойын-әдістері арқылы толық жетілдіру.

Психологиялық жұмыстың міндеттері:

-Жеке тұлғалық және интеллектуалдық даму бағдарламасын құру.

-Баланың жеке бас дамуы мен интеллектісіндегі ауытқушылықты болдырмау, жеңу және сауықтыру.

-Түрлі жас кезеңдердегі балаларды тәрбиелеу мен білім беруде кездесетін қиыншылықтардың психологиялық себептерін анықтау.

-Тәрбиешіге бала дамуын бағалауға түрлі жақтарынан қарауға көмектесу.

-Ата-аналарды психологиялық біліммен қаруландыру.

-Қақтығыс жағдайларда, күрделі мәселелерді шешу.

Педагог-психолог қызметінің жұмыс бағыттары:

1.Психологиялық диагностика-

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін, қарым-қатынасын зерттеу.

2.Психологиялық алдын алу (психопрофилактика)-

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

3.Психокоррекция және дамыту-

Мақсаты: Баланың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу-тәрбие дағдысы мен біліктілікті дамыту.

4.Психологиялық кеңес беру-

Мақсаты: Барлық қатысушыларға педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.

5.Психологиялық білімді көтеру-

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

Психолог жұмысының бірлестік әрекеті:

- 1.Тәрбиеленушілермен жұмыс;
- 2.Тәрбиеші-педагогтармен жұмыс;
- 3.Ата-аналармен жұмыс;
- 4.Әкімшілікпен жұмыс;

Психологиялық жұмыстың мазмұны:

- 1.Тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған бақылау, түзету, тренингтер, сауалнамалар, тестілеу, кеңес беру;
- 2.Баланың бойында эстетикалық сезімді дамыту, бейнелеу, көркемдік- тілдік, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту;
- 3.Ақыл-ойын, сезімін, ерік-жігерін ескере отырып, бала дамуының ерекшеліктерін зерттеу;
- 4.Балабақшаның барлық қызметкерлерін балалармен тиімді, ұтымды қарым-қатынас жасауға бағыттау;
- 5.Балабақша қызметкерлерінің психологиялық біліктілігін арттыру, ата-аналарға баланың даму заңдылықтарымен таныстыру.

Психологиялық жұмыстың орындалу кезеңдері

I-Дайындық кезеңі

- а) Баланың ата-анасына сауалнама арқылы әлеуметтік тұрғыдағы жағдайын анықтау.
- ә) Әңгімелесу арқылы тәрбиешінің балаға педагогикалық мінездеме беруі.
- б) Бала өмірі жайлы ата-аналармен әңгімелесу арқылы мәлімет алу.

II-Бейімделу кезеңі

Баламен жақын танысу:

- бақылау
- әңгімелесу
- шығармашылығын, қызығушылығын анықтау.

III-Негізгі кезең

- Тест арқылы

IV-Түсінік беру (интерпретациялық) кезеңі

- Психологиялық диагностикалар арқылы және берілген құжаттарға байланысты тұжырымдау.

V-Қорытынды кезең

- Тексеру үрдісінің нәтижесімен ата-аналарға, тәрбиешілерге кеңес беру.
- Ауызша немесе жазбаша ата-аналарға, тәрбиешілерге ұсыныс беру.

Педагог-психологтың жұмыс циклограммасы

(Жұмыс кесте хронометраж бойынша бір апталық 36 сағат жұмыс уақытымен байланыстырылып құрылған. Үзіліс:12.00.-14.00.)

Апта күндері	Уақыты	Жұмыс мазмұны	Нұсқауы
Дүйсенбі	9.00.-12.00. 14.00.-16.00. 16.00.-17.00. (7 сағат)	Психодиагностика (топпен) Әдістемелік уақыт (нәтижелерді өңдеу, құжаттарды дайындау) Дамыту сабақтар (жеке)	Жоспар бойынша
Сейсенбі	9.00.-12.00. 14.00.-15.00. 15.00.-16.00. 16.00.-17.00. (7 сағат)	Психодиагностика (топпен) Педагог-тәрбиешілерге кеңес беру Дамыту сабақтар (жеке) Әдістемелік уақыт (нәтижелерді өңдеу, құжаттарды дайындау)	Жоспар бойынша Сұраныс бойынша
Сәрсенбі	9.00.-12.00. 14.00.-15.00. 15.00.-18.00. (8 сағат)	Түзету, алдын-алу және дамыту сабақтар (жеке топпен) Әдістемелік уақыт (нәтижелерді өңдеу, құжаттарды дайындау) Ата-аналарға кеңес беру	Жоспар бойынша Сұраныс бойынша
Бейсенбі	9.00.-12.00. 14.00.-16.00. 16.00.-17.00. (7 сағат)	Психодиагностика (топпен) Әдістемелік уақыт (нәтижелерді өңдеу, құжаттарды дайындау) Дамыту сабақтар (жеке)	Жоспар бойынша
Жұма	9.00.-12.00. 14.00.-17.00. (7 сағат)	Әдістемелік уақыт (нәтижелерді өңдеу, құжаттарды дайындау) Құжаттарды дайындау	Жоспар бойынша

2022/ 2023 оқу жылына арналған перспективалық тақырыптық жоспарлау

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімдері
Балалармен жұмыс		
1	Жаңадан келген балалардың бастапқы бейімделуін бақылау, бейімделу парағын толтыру. Балалармен жақын танысу, танысу ойын-жаттығулары. Түрлі ойын-бағдарламалары арқылы балалардың жаңа оқу жылына бейімделуін, қызығушылықтарын бақылау. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының мониторингін бақылау. (Бастапқы кезең)	Қыркүйек
2	Жаңадан келген балалардың бейімделу парағын қорытындылау. Әр жастағы балалардың танымдық дамуының бастапқы диагностикасы.	Қыркүйек-қазан
3	Тұлға аралық қарым-қатынаста даму. Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Әр жастағы балалардың таным қабілеттерінің белсенділігін арттыруға арналған ойындар.	Қараша
4	Балалардың қызығушылықтарын дамытуға арналған түрлі тапсырмалар. «Қарлығаш» тобындағы балалармен отбасы климатын зерделеу «Менің отбасым» проективті тесті. Топтардағы балалардың І-жарты жылдық таным іс-әрекетінің қорытындысын шығару.	Желтоқсан- қаңтар
5	Әр жастағы балалардың танымдық дамуының аралық диагностикасы. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының мониторингін бақылау. (Аралық кезең)	Қаңтар
6	Әр жастағы балалардың қол-саусақ моторикасын, жеке тұлғалық қасиеттерінің диагностикасының өзін-өзі бағалауын дамыту (Қажеттілігіне қарай). Таным қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар, ойын-жаттығулар.	Ақпан Оқу жылы ішінде

7	Әр түрлі тапсырмалар жиынтығы: санау, құрастыру, сурет салу, қиылған суреттер, әңгімелеу, түстерді ажырату, пішіндерді білу және т.б (Жыл бойы).	Наурыз-сәуір Оқу жылы ішінде
8	Әр жастағы балалардың танымдық дамуы диагностикасының II-жарты жылдық қорытындысын шығару	Сәуір-мамыр
9	Балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуының мониторингін бақылау. (Қорытынды кезең) Ересектер тобының мектепке даярлығының білім сапасын тексеру, қорытындылау 5 сала бойынша. 2021-2022 оқу жылындағы балалардың таным үрдісі динамикасының 1-жылдық қорытындысын шығару.	Мамыр

Түзету-дамыту жұмысы

1	Балалардың бейімделу деңгейін анықтау	Қыркүйек-қазан
2	Балалармен түзету-дамыту оқу іс-әрекеттері	Оқу жылы ішінде
3	Қарым-қатынасты дамытуға арналған ойын-жаттығулар	Оқу жылы ішінде
4	Барлық жастағы балалармен ойын-бағдарламасын өткізу	Оқу жылы ішінде

Педагогтармен жұмыс

1	Жаңа оқу жылында тәрбиешілердің жұмысын бастар алдындағы жұмысқа қабілеттігін арттыруға арналған жаттығулар. Ұжымдағы қарым-қатынасты жақсарту, нығайтуға арналған тренинг	Қыркүйек
2	Жас мамандарға баланың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты кеңес беру	Қазан
3	Тәрбиешілердің оқу қызметі, білімділігін, біліктілігін бақылау, анықтау	Қараша
4	Тәрбиешілердің I-жарты жылдық іс-әрекеттерін, білімділік, білік, шеберлік деңгейлерінің мониторингін жасау	Желтоқсан-қаңтар
5	Ұжымдағы педагогтармен психологиялық тренинг өткізу	Қаңтар

6	Жас мамандармен жұмыс. Тренинг, сауалнама, кеңес, баяндама (Қажеттілігіне қарай)	Ақпан Жыл бойына Оқу жылы ішінде
7	Педагогтарға арналған баяндама	Наурыз
8	Тәрбиешілерге жеке кеңестер беру (Қажеттілігіне қарай)	Сәуір
9	Тәрбиешілердің II-жарты жылдық іс-әрекеттерін, білімділік, білік, шеберлік деңгейлерінің мониторингін жасау, қорытындылау	Мамыр
10	Тренингтер, сауалнамалар, психологиялық жаттығулар, кеңестер, жеке кеңестер, баяндамалар (Қажеттілігіне қарай)	Жыл бойына Оқу жылы ішінде
11	Балалардың мектепке психологиялық дайындығының нәтижелері бойынша таныстыру (Қажеттілігіне қарай)	Жыл бойына Сұраулар бойынша

Әкімшілікпен жұмыс

1	Диагностика нәтижелерімен таныстыру	Өткізілуіне қарай
2	МДҰ-ның жылдық жоспарын жасауға қатысу	Тамыз
3	Ұжыммен жұмыс кезінде психологиялық көмек көрсету	Жыл бойына
4	Әкімшіліктің тапсырысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу	Жыл бойына
5	МДҰ қызметіне қатысу, ертеңгіліктер, мерекелерге қатысу	Жыл бойына

Ата-аналармен жұмыс

1	Кіші топқа жаңадан келген ата-аналармен танысу. Кеңес беру (Қажеттілігіне қарай)	Қыркүйек
2	Барлық топтардағы ата-аналар жиналысына қатысу. Ата-аналармен қарым-қатынасты жақсарту, нығайту, үшін тренинг, сауалнама, баяндама, кеңестер жүргізу (Қажеттілігіне қарай)	Қыркүйек, қаңтар, мамыр Оқу жылы ішінде Сұраныс бойынша
3	Ата-аналарға арналған сауалнама (Бәйшешек)	Қазан

4	Тапсырыстар бойынша кеңес беру	Жыл бойына Сұраныс бойынша
5	Диагностика мәселелері мен нәтижелері бойынша консультациялар	Жыл бойына Сұраныс бойынша
6	Ата-аналарға арналған сауалнама («Күншуақ» ата-аналарына)	Желтоқсан
7	Ата-аналарға арналған сауалнама («Қарлығаш» ата-аналарына)	Қаңтар
8	Тренинг, сауалнама, психологиялық жаттығулар, кеңес, баяндамалар (Қажеттілігіне қарай)	Жыл бойына Оқу жылы ішінде
9	Ата-анамен тығыз байланыс арқылы ересек тобындағы балаларды мектепке дайындау: әңгімелесу, пікір алмасу, кеңес беру (Қажеттілігіне қарай)	Мамыр



Ақмола облысының
Ақмола облысының
Ақмола облысының
Ақмола облысының
Ақмола облысының